



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№22/204
30 мамыр




Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖОҒАРЫ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ҚҰРАМДАҒЫ ОТЫРЫСЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ



Президенттің төрағалығымен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің кеңейтілген құрамдағы кезекті отырысы өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Астанадағы іс-шараларға қатысқаны үшін ЕАЭО-ға мүше елдердің және байқаушы мемлекеттердің басшыларына, сондай-ақ арнайы шақырылған қонақтарға алғыс айтты.

— Бүгінгі кездесуіміз ерекше мәнге ие. 2014 жылы дәл осы күні Бірлестігіміздің негізін қалаған Шартқа қол қойылды. Жоғары кеңестің шешімімен 29 мамыр — Еуразиялық экономикалық одақ күні болып ресми түрде жарияланды. Бірлестігіміздің он жылдан астам тарихы бар. Осы уақыт ішінде экономикалық интеграцияны тереңдету бойынша ауқымды жұмыс атқарылды. Атап өтерлік жайт, бұл күндері Астанада Жоғары кеңестің отырысымен қатар, Еуразиялық экономикалық форум өтіп жатыр. Форум қорытындысы сан қырлы іскерлік серіктестігімізге тың серпін беретініне сенімдімін, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Еуразиялық экономикалық одақ макроэкономикалық дамудың оң динамикасын сақтап отырғанына тоқталды.

— Болжамға сай, 2026-2027 жылдары ЕАЭО елдерінің жиынтық ішкі жалпы өнім өсімі 2,5 пайызға жуықтауға тиіс. Жаһандық нарықтағы тұрақсыздыққа қарамастан, былтыр елдеріміз арасындағы тауар айналымы 95 миллиард доллардан асты. Биыл өзара сауда-саттық көлемі 6

пайызға ұлғаяды деп күтіп отырмыз. Бұл 100 миллиард долларлық межені еңсеруге мүмкіндік береді. Дегенмен халықаралық ұйымдардың жаһандық нарықтағы жағдайға берген бағасы көңіл көншітпейді. Халықаралық валюта қорының баяндамасына сәйкес, биыл әлем экономикасы 3 пайызға дейін баяулайтыны жөнінде айтылып жүр. Әрине, дүние жүзіндегі құрылымдық өзгерістер ЕАЭО-ның экономикалық дамуына да әсер етпей қоймайды. Қазіргі сәтте Бірлестігімізді жаңа жағдайларға бейімдеу, ішкі орнықтылықты нығайту және бәсекеге қабілеттілікті арттыру өте өзекті міндет болып тұр, — деді Мемлекет басшысы.

Жоғары кеңестің төрағасы ретінде Қазақстан Президенті интеграциялық құрылымды одан әрі қарқынды дамытуды көздейтін бірқатар стратегиялық басымдықты атады. Сонымен қатар еліміздің ұсыныстарына қолдау көрсеткені үшін әріптестеріне алғыс айтты.

— Жасанды интеллектіні жауапкершілікпен дамыту жөніндегі бірлескен мәлімдемені қабылдау мақсатымыздың ортақ екенін көрсеткен маңызды шешім болды. Осы саладағы белсенді ықпалдастыққа үміт артамын. Күш-жігерімізді келесі басым бағыттарға жұмылдырудың мәні зор деп санаймын. Бірінші. Еуразиялық интеграцияның цифрлық негізін нығайту. Цифрландыру мен жасанды интеллект арқылы жаңа технологиялық жүйе қалыптастыру кезінде деректерді жедел өңдеу, автоматтандыру

және инновацияны жаппай енгізу табыстың негізгі факторына айнала бастады. Сарапшылардың пайымына сүйенсек, әлемде жасанды интеллект технологияларына құйған қаржы көлемі 1 триллион долларлық межеден асты. Алдағы онжылдықта оның жаһандық экономикадағы жиынтық үлесі бірнеше есе көбейіп, 7 триллион долларға жетуі мүмкін. Озық технологиялар еуразиялық интеграцияның қуатты катализаторына айналуы керек. Бұл қазірдің өзінде жүзеге аса бастады. ЕАЭО кеңістігінде осы бағыттағы жұмыс дәйекті түрде жалғасып келеді деп нық сеніммен айтуға болады. Трансформация өндіріс және логистикадан бастап, ауыл шаруашылығы мен мемлекеттік басқаруға дейінгі барлық саланы қамтиды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан жасанды интеллектіні енгізу бойынша бірқатар жүйелі шараны қолға алды.

— Astana Hub базасында қарқынды ілгерілеп келе жатқан әрі толыққанды стартап-экожүйе қалыптасуда. Елімізде 100-ден астам жаңа жоғары технологиялық компания жедел дамып келеді. Қазақстан технологияны нетто-экспорттаушы мәртебесін ресми түрде дәлелдеді. IT қызметтер экспортының көлемі 1 миллиард доллардан асты. Біздің бастапқы жетістіктеріміз халықаралық деңгейде мойындалды. EGDI (E-Government Development Index) жаһандық рейтингіне сәйкес, Қазақстан 24-орын алады. Ал онлайн қызметтердің са-

пасы бойынша әлемдегі үздік ондыққа кіреді. Ендігі міндет — осы табысты тәжірибені кеңінен тарату. Астанада Халықаралық Alem.ai жасанды интеллект орталығы іске қосылды. Бұл талантты бағдарлама әзірлеушілер шоғырланған орталық қана емес, жасанды интеллект негізіндегі қолданбалы шешімдерді ойлап табатын әрі енгізетін аймақтағы басты алаң саналады. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің цифрландыру саласындағы жетістіктерін, мемлекеттік басқарудағы платформалық шешімдері мен заманауи тәсілдерді енгізу үлгілерін мұқият зерделейміз әрі жоғары бағалаймыз. Одаққа мүше елдердің әрқайсысы цифрлық трансформацияның жекелеген бағыттарында айтарлықтай тәжірибе жинады. Ұлттық күзіреттерді дамытумен қатар бірлескен технологиялық бастамаларды қалыптастыруға белсенді түрде атсалысқан жөн. Үздік тәжірибелер мен тиімді шешімдерді бөлісуіміз керек. Бұл ЕАЭО аясындағы цифрлық дамуды жеделдетіп, экономикаларымыздың бәсекеге қабілетін арттыруға мүмкіндік береді, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразия кеңістігіндегі көлік дәліздерін цифрландыруды тағы бір басымдық ретінде атады. Мемлекет басшысының айтуынша, Еуразияның көлік жүйесі Азия, Еуропа және Таяу Шығыстың басты нарықтарын байланыстыратын жоғары технологиялық халықаралық бағыттардан құралады.

Толығырақ akorda.kz сайтында



ҚАРАҒАНДЫДАҒЫ ЖАҢА ЭКОСАЯБАҚҚА 4 МЫҢНАН АСТАМ АҒАШ ЕГІЛДІ

Қарағандыда «Көгілдір тоғандар» шағынауданы мен Оңтүстік-Шығыс ауданның арасындағы жаңа тұрғын алап қарқынды дамып келеді. Мұнда тұрғын үйлер бой көтеруде, спорт кластері салынады, сондай-ақ балабақшалар мен мектептер ашу жоспарланған. Сонымен қатар аумағы 200 гектарды құрайтын заманауи экосаябақ қалыптасып жатыр.

Мамыр айының ортасында іргесі қаланған саябаққа осы уақытқа дейін 2,6 мың ағаш – емен, алма, қарағай және қарағаш көшеттері егілген. Бүгін «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында ауқымды көгалдандыру сенбілігі өтіп, оған облыстың барлық қалалары мен аудандарынан делегациялар қатысты. Нәтижесінде экосаябақ аумағына тағы екі мыңнан астам ағаш егілді.

— Асар – адамдардың ортақ іске ешқандай сыйақы күтпестен және жауапкершілікті өзгеге жүктеместен бірігуі. Облыс тұрғындарының үшінші апта қатарынан бір мақсат жолында бас қосып отырғаны ерекше мәнге ие деп ойлаймын. Біз мұндай жобаларды көбіне егілген ағаштардың саны немесе атқарылған жұмыстың көлемі арқылы бағалаймыз. Алайда мұндай акциялардың басты нәтижесі тек цифрлармен өлшенбейді. Ең маңызды нәтиже – сіздерсіздер! Біздің ортақ болашағымызға бейжай қарамайтын азаматтар. Өйткені кез келген саябақ жолдардан, жарықтандырудан немесе абаттандырудан басталмайды. Ол осы жерді өз мекені санап, оған жанашырлықпен қарайтын адамдардан басталады, – деді сенбілікке қатысушыларға Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Мысалы, облыс орталығынан шамамен 200 шақырым қашықтықта орналасқан Нұра ауданынан 50 адам келіп, өздерімен бірге жүз түп пирамидалы терек көшетін ала келген.

Сенбіліктің ең жас қатысушысы – небәрі бір жарым жастағы Роберт Мацура. Ол кәсіпкер ата-анасымен бірге өзінің алғашқы ағашын – қарағаш көшетін екті.

Жас теннисші спортшылар Амина Жанахметова мен Арина Рябова да өмірлерінде алғаш рет ағаш екті.

— Бізді бұл акцияға жаттықтырушымыз шақырды. Осындай маңы-

зды әрі пайдалы іске қатысып жатқанымызға қуаныштымыз. Көңіл күйіміз тамаша. Енді осында келіп, өзіміз еккен көшеттердің қалай өсіп жатқанын бақылап жүреміз, – деді оқушы қыздар.

Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Кожухов экосаябақ пен жаңа шағынауданның алдағы даму жоспарлары туралы айтты. Көктемгі көгалдандыру кезеңі аяқталуға жақын, ал келесі кезең күзде жалғасады. Биыл барлығы 15 мың ағаш егу көзделген.

Жаңа саябақ тұрғындардың белсенді демалысына арналған заманауи серуен жолақтарымен, велосипед жолдарымен, спорт алаңдарымен және жайлы демалу орындарымен жабдықталады.

Ұсынылған макетте тұтас шағынауданның болашақ келбеті көрсетілген. Қазіргі таңда мұнда 26 көпқабатты тұрғын үй бар болса, алдағы уақытта олардың саны 55 тұрғын үй кешеніне дейін ұлғаяды.

Бұл жеті мыңнан астам жаңа пәтерді құрайды. Қала әкімінің айтуынша, мұнда 7 балабақша, 5 мектеп, аурухана кешені және жаңа стадионы бар спорт кластері салынады.

Сондай-ақ осы аумақта 60 шақырымнан астам жаңа жол төселмек. Биыл олардың жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу басталады. Бұдан бөлек, Оңтүстік-Шығыс аудан мен Майқұдықты байланыстыратын жаңа автомагистраль құрылысы аяқталуы тиіс.

Спорт кластеріне 75 гектар жер бөлінген. Мейрам Кожуховтың айтуынша, нысандарды жобалау жұмыстары қазірдің өзінде жүргізіліп жатыр.

Мұнда Футбол академиясы, 12 мың көрерменге арналған UEFA талаптарына сай стадион, Мұз сарайы, жеңіл атлетика манежі, спорт мектеп-интернаты, ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға арналған дене шынықтыру-сауықтыру орталығы және кәсіби спортшылар мен бұқаралық спортты дамытуға арналған өзге де нысандар салынатын болады.

*Қарағанды облысы әкімдігінің
баспасөз орталығы*

БОЛЕЕ 4 ТЫСЯЧ ДЕРЕВЬЕВ ВЫСАДИЛИ В НОВОМ ЭКОПАРКЕ КАРАГАНДЫ



В Караганде активно развивается новый микрорайон между Голубыми Прудами и Юго-Востоком. Здесь возводятся жилые дома, будет спортивный кластер, в планах детские сады и школы. И уже растёт новый современный экопарк площадью 200 гектаров.

С момента его рождения в середине мая посадили 2,6 тысячи деревьев — дубы, яблони, сосны и карагачи. Сегодня в рамках республиканской программы «Таза Қазақстан» прошёл масштабный субботник по озеленению, на который приехали делегации из всех городов и районов области. В экопарке добавилось ещё больше двух тысяч деревьев.

— Асар — это когда люди объединяются ради общего дела, не ожидая вознаграждения и не перекладывая ответственность на других. Мне кажется символичным, что уже третью неделю подряд жители нашей области собираются вместе ради одной цели. Мы часто оцениваем подобные проекты по количеству высаженных деревьев или объёму выполненных работ. Но главный результат таких акций измеряется не только цифрами. Главный результат — это вы! Люди, которым небезразлично наше общее будущее. Потому что любой парк начинается не с дорожек, освещения или благоустройства. Он начинается с людей, которые считают эту землю своей и готовы заботиться о ней, — обратился к участникам субботника аким области Ермағанбет Булекпаев.

К примеру, из Нуринаского района, который от областного центра отделяет почти 200 км, приехали 50 человек и привезли сотню пирамидальных тополей.

Самый маленький участник Роберт Мацура, которому всего полтора года, вместе с родителями-предпринимателями посадил своё первое дерево — карагач.

Юные спортсменки-теннисистки

Амина Жанахметова и Арина Рябова также посадили свои первые деревья.

— На эту акцию нас позвал тренер. Рады участвовать в таком нужном и полезном деле. Настроение отличное. Будем сюда приходить и следить, как растут наши саженцы, — пообещали школьницы.

Аким города Мейрам Кожухов рассказал, как будет дальше развиваться экопарк и микрорайон. Этап весеннего озеленения завершается, а следующий продолжится осенью. В этом году планируется посадить 15 тысяч деревьев.

Новый парк станет местом активного отдыха жителей с современными прогулочными аллеями, велосипедными дорожками, спортивными площадками и уютными беседками.

На макете представлено будущее всего микрорайона. Сейчас здесь 26 многоэтажек, а со временем станет 55 жилых комплексов — это более семи тысяч новых квартир.

По словам акима города, будет построено 7 детских садов, 5 школ, больничный комплекс, спортивный кластер с новым стадионом.

В этом месте планируется более 60 км новых дорог, в этом году начнут их проектирование. Кроме того, должны завершить строительство новой автомагистрали, которая свяжет Юго-Восток и Майкудук.

Под спортивный кластер отведено 75 га. Как сообщил Мейрам Кожухов, проектирование объектов уже идёт.

Будут Академия футбола, стадион категории UEFA на 12 тысяч зрителей, Ледовый дворец, легкоатлетический манеж, спортивная школа-интернат, физкультурно-оздоровительный центр для людей с особыми потребностями и другие объекты как для профессионалов, так и массового спорта.

*Пресс-центр акимата
Карагандинской области*

АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ – БАСТЫ НАЗАРДА



Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті қызметінің маңызды бағыттарының бірі. Бұл бағыттағы жұмыстың басты мақсаты – мемлекеттік қызметтердің сапалы, уақытылы және заң талаптарына сәйкес көрсетілуін қамтамасыз ету.

Мемлекеттік қызмет алу барысында азаматтар кейде негізсіз бас тарту, құжаттарды қарау мерзімінің бұзылуы немесе қызмет көрсету тәртібінің сақталмауы сияқты мәселелерге тап болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда Департамент тарапынан өтініштер қаралып, қашықтықтан бақылау, жоспарлы және жоспардан тыс тексеріс шаралары жүргізіледі. Әрбір өтініш бойынша заңнама талаптарының сақталуы жан-жақты зерделеніп, азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған нақты шаралар қабылданады.

2026 жылы Департамент тарапынан 103 азаматтың құқығы қалпына келтірілді. Бұл нәтижеге азаматтардың өтініштерін қарау, жоспардан тыс тексерістер жүргізу, сұрау салу және қашықтықтан бақылау шаралары, сондай-ақ Telegram-бот арқылы түскен хабарламаларды қарау нәтижесінде қол жеткізілді. Заң бұзушылықтар негізінен жер қатынастары, сәулет, білім беру және көлік салаларында анықталған.

Мысалы, мемлекеттік қызмет алушының шағымы негізінде жер учаскесіне құқық беру мәселесі бойынша аудан әкімдігінің шешіміне жоспардан тыс тексеріс жүргізілді. Тексеру барысында жер заңнамасы талаптарының сақталмағаны анықталып, Департамент тарапынан тиісті шаралар қабылданды. Нәтижесінде азаматтың бұзылған құқығы қалпына келтірілді.

Мұндай мысалдар мемлекеттік қызмет көрсету сапасына тұрақты бақылаудың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Себебі әрбір өті-

ніштің артында нақты азаматтың мәселесі, уақыты және заңды мүддесі тұр. Сондықтан мемлекеттік органдардың қызмет көрсету кезінде заңдылықты, ашықтықты және азаматқа бағдарланған тәсілді сақтауы аса маңызды.

Азаматтардың құқықтарын қорғауда цифрлық құралдардың да маңызы артып келеді. Соның бірі – EgovKzBot2.0 Telegram-боты арқылы мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қатысты өтініш, шағым немесе ұсыныс жолдау мүмкіндігі. Бұл құрал азаматтарға мемлекеттік органға бармай-ақ, смартфон арқылы өз мәселесін жеткізуге жағдай жасайды.

Боттың тиімділігі – оның қолжетімділігінде. Егер азамат мемлекеттік қызмет алу барысында негізсіз бас тарту, мерзімнің бұзылуы, артық құжат талап ету немесе мемлекеттік органның әрекеті не әрекетсіздігі бойынша қиындыққа тап болса, тиісті өтінішін осы арна арқылы жолдай алады. Мұндай цифрлық тетіктер мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қоғамдық бақылауды күшейтіп, азаматтардың құқығын жедел қорғауға мүмкіндік береді.

Егер мемлекеттік қызмет алу барысында құқықтарыңыз бұзылды деп есептесеңіз, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне немесе EgovKzBot2.0 Telegram-ботына жүгінуге болады.

Азаматтардың құқықтарын қорғау – тек заң талаптарын орындау ғана емес, сонымен бірге халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтудың маңызды шарты. Сондықтан Департамент бұл бағыттағы жұмысты жүйелі түрде жалғастырады.

Г. Медеуова,

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының бас маманы

САРБАЗ СӘЛЕМІ



Приозерск гарнизонындағы 06708 әскери бөлімінің сарбаздары ата – аналары мен, жақындарына бейнеқоңырау арқылы байланысқа шықты. Сарбаздар туысқандарына әскери қызметтегі жетістіктерін айтты. Бөлім басшылығы ұсынған ақпарат та ата – аналардың ерекше қызығушылығын тудырды.

Әскери бөлім командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары подполковник Арыстанов Бақытжан демалысты ұйымдастыру мәселелерін сондай – ақ жауынгерлердің денсаулығын сақтау төңірегінде өткізілетін міндетті іс – шараларды талқылады.

Алдағы уақытта әр жексенбі сайын бейнеқоңырау жүргізілетін болады.

*Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы
Думан Жұмашұлы*

ҚОҒАМДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТӨЗБЕУШІЛІК КӨЗҚАРАСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа «мүлде төзбеушілік» көзқарасты қалыптастыру бойынша Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді.

Тұжырымдаманың мақсаты – мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне «мүлдем» төзбеушілік атмосферасын қалыптастыру, сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендету арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа бүкіл қоғамды тарту, Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықты азайту мақсатында адалдықты тексеру (integrity check) жоспарлануда, бұл жосықсыз қызметкерлерді дер кезінде анықтауға және жұмыстан шығаруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, бұл мәселеде жастармен және студенттермен жұмыс істеуге ерекше көңіл бөлу керек деп есептеймін, өйткені жастар – Қазақстанның болашағы! Қазірдің өзінде студенттер мен мектептерде құқықтық мәдениетті және сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті тәрбиелеу және оқыту қажет. Қазақстан жастары білім алып, патриоттық рухта тәрбиеленіп, дұрыс басымдық қоюға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне жол бермей, оны жоққа шығаруға қабілетті деп ойлаймын.

Мемлекеттік қызметшілер өздеріне «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген міндеттер мен шекте-

улерді өздеріне ала отырып, өз үлгісімен парасатты адам мен өз ісінің білгірі кейпін көрсетуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі әдістерінің бірі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың профилактикасы екені сөзсіз. Сыбайлас жемқорлықтың салдары мен зұлымдықтарын көргеннен гөрі, ескерткен абзал дейді.

Жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналып отырғандығы шындық. Елдің ертеңі үшін, болашақ келер ұрпақ алдында еңсеміздің көтеріліп жүру үшін, жемқорлық індетімен белсене күресіп, түп-тамырымен жою қажет.

«Бүгінде дәл осы жастар қоғамдық өрістегі үрдістерді жиі қалыптастырады. Біз үшін қазіргі жастардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік» қағидатын ұстануы маңызды. Бұл студенттер үшін де, жұмысшы жастар үшін де өзекті».

Мемлекетімізде «Сыбайлас жемқорлықпен күрес» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдармен қатар көптеген бағдарламалар жасалып, сыбайлас жемқорлықпен күресте халықаралық тәжірибе алмастырылып, шаралар өткізілуде, қоғамдағы «қатерлі дерттерден» арыла отырып мемлекетімізде түбегейлі өзгерістерді жүзеге асыруды көздейді.

Еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің түпкі мақсаты қоғамда оған «мүлдем төзбеушілік» көзқарасты қалыптастыру арқылы оны біржолата жою болып табылады.

*Приозерск қаласы бойынша
Мемлекеттік кірістер
басқармасы*

2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕР ЖӘНЕ САТЫП АЛУ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ
КЕСТЕСІ

Мемлекеттік мекеменің атауы	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның аты - жөні	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдайтын уақыты мен күні	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефондары
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жүсіпов Ахан Жармаханұлы	Бөлім басшысы	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі,5	8(71039) 5- 28-59
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Дюсенбаев Абиль Зейнелкапдулович	Сектор меңгерушісі	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5	8(71039) 5-29-03

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-27-92 Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты. Сейсенбі сағат 17:00-ден 18:00-ге дейін. ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК» 5-33-16 График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела. Вторник с 17:00 до 18:00 часов.	«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-33-16 Мәслихат төрағасы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды. ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ «АППАРАТ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА» 5-33-16 Председатель городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных
«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-38-70 <i>Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты - дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндері: сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, 15.00-ден 17.00-ге дейін.</i> ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГУ «ОТДЕЛ ЗАНЯТОСТИ И СОЦИАЛЬНЫХ ПРОГРАММ Г. ПРИОЗЕРСК» 5-38-70 График приема граждан по личном вопросам руководителя отдела – понедельник, среда, пятница с 10.00 до 12.00; с 15.00 до 17.00 часов.	«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМ АППАРАТЫ» ММ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ: 5-30-06 Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі – әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) – әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) – әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.
«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-20-17 Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі – дүйсенбі-жұма сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды. ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ СТРОИТЕЛЬСТВА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК» 5-20-17 График приема граждан руководителем отдела – Понедельник-Пятница с 17.00 по 18.00 часов.	ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГУ «АППАРАТ АКИМА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»: 5-30-06 График приема граждан: Аким города – еженедельно по понедельникам с 17.00 часов Заместитель акима (коммунальная сфера) – еженедельно по вторникам с 17.00 часов Заместитель акима (социальная сфера) – еженедельно по средам с 17.00 часов

№	Мекеменің атауы	Сенім телефоны/ Телефон доверия	Наименование организации
1	«Приозерск қаласы әкімінің аппараты» ММ	5-30-06	ГУ «Аппарат акима города Приозерск»
2	«Приозерск қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ	5-27-92	ГУ «Отдел внутренней политики города Приозерск»
3	«Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, спорт және дене шынықтыру бөлімі» ММ	5-40-93	ГУ «Отдел культуры, развития языков, спорта и физической культуры города Приозерск»
4	«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ	5-38-70	ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»
5	«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ	5-32-48	ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»
6	«Приозерск қаласының экономика және бөлімі» ММ	7-00-51	ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск»
7	«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ	5-32-99	ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск»
8	«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ	5-20-17	ГУ «Отдел строительства города Приозерск»
9	«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» ММ	5-28-59	ГУ «Отдел государственных активов и закупок города Приозерск»
10	«Приозерск қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ	7-00-14	ГУ «Отдел жилищных отношений и жилищной инспекции города Приозерск»
11	«Приозерск қаласының тұрғын үй шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ	5-38-76	ГУ «Отдел ЖКХ, пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Приозерск»

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Таралымы: 500 дана Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 QORJYNTUBEK JARŞYSY		
Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.» Бас редактор: Исатай М.А. Техникалық редактор: Исатай М.А. Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5. Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арко» ЖШС-де басылды. Тапсырыс №22/204, Таралымы:500 дана, пішімі: А3	Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35 Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35 Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.	Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.